

## Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полициясының күдіктілері мен айышталушыларға арналған гауптвахталарының ішкі тәртіп қағидалары

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2012 жылғы 13 желтоқсандағы № 972 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 16 қаңтарда № 8266 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 366 бұйрығымен

**Ескеरту.** Күші жойылды – ҚР Қорғаныс министрінің 20.07.2017 № 366 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

**Ескерту.** Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 13.06.2013 № 291 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полициясы гауптвахталарының ішкі тәртіп қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясы бас басқармасының бастығы:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдасын;

2) мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұйрықты ресми жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына жолдасын;

3) бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланғаннан кейін бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің веб-сайтына орналастырысын.

**Ескерту.** 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 13.06.2013 № 291 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда- ҚР Қорғаныс министрінің 13.06.2013 № 291 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

Министр

Ә. Жақсыбеков

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
2012 жылғы 13 желтоқсандағы  
№ 972 бұйрығымен бекітілген

## **Күдіктілер мен айыпталушыларға арналған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полициясы гауптвахталарының ішкі тәртіп қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 13.06.2013 № 291 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Күдіктілер мен айыпталушыларға арналған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полициясы гауптвахталарының ішкі тәртіп қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 15-бабына сәйкес әзірленді, күдіктілер мен айыпталушыларды (бұдан әрі – қамауға алынғандар әскери қызметшілер) гауптвахтада ұстау режимін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полициясының гауптвахталарындағы (бұдан әрі – гауптвахталар) ішкі тәртіпті айқындайды.

### **2. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді қабылдау және камералар бойынша орналастыру**

2. Гауптвахтаға қамауға алынатын әскери қызметшілерді қабылдауды гауптвахта бастығы немесе гауптвахта қарауылының (кезекші ауысым) бастығы тәулік бойы жүргізеді, ол гауптвахтаға жеткізілген адамды қабылдау үшін негіздеме болатын құжаттардың бар болуын тексереді, көрсетілген адамнан жауап алады және медициналық тексеруді жүргізетін медицина қызметкерінің

қатысуымен оның жауаптарын жеке басын күәландыратын құжатта көрсетілген мәліметтермен салыстырып тексереді.

3. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер мынадай құжаттармен жіберіледі: ұстau хattamasы, судья санкция берген тergeушінің, анықтаушының қаулысы не қамауға алу түріндегі жолын кесу шарасын таңдау туралы соттың қаулысы, үкім көшірмесі, оны орындау туралы өкім және денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылығы туралы әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысының көшірмесі.

4. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің жеке басын күәландыратын құжаттар жеке ісінде сақталады, сұрау салу бойынша кейіннен қайтарып берумен қылмыстық іс жүргізу процесін жүргізетін органның өкіліне қолын қойғызып береді.

5. Әскери қызметшілерді қабылдау кезінде қажетті құжаттардың болуын және олардың дұрыс ресімделгенін тексеріледі.

6. Гауптвахтаға қамауға алу түріндегі жолын кесу шарасын таңдау туралы судья не сот қаулысынан үзінді ұсынылған жағдайларда онда осы жолын кесу шарасы қолданылғанға қатысты адамның толық саулнама деректері көрсетілуге тиіс. Үзіндіні лауазымды адамның қолтаңбасымен расталған, елтаңбалы мөрмен бекітілген болуға және күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей қаулының көшірмесімен ауыстырылуға тиіс.

7. Медицина қызметкерінің қорытындысы бойынша гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер шұғыл стационарлық емделуге мұқтаж болса гауптвахтаға қабылданбайды.

Медициналық көрсеткіштер бойынша оларға медициналық көмек көрсетіледі.

8. Медициналық тексеруден өткізілгеннен және оның нәтижелерін алғаннан кейін гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер төсек жабдықтарын алады.

9. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге құқықтары мен міндеттері, қамауда ұстau режимі, тәртіптік талаптар, ұсыныстарды, өтініштер мен шағымдарды беру тәртібі туралы ақпарат беріледі. Көрсетілген ақпарат жазбаша, сондай-ақ ауызша беріледі.

10. Әрбір гауптвахта стенділерінде гауптвахтада ұсталатын адамдардың негізгі құқықтары мен міндеттері туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған ақпарат ілінеді.

11. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер мынадай талаптарды сақтай отырып, гауптвахтада ұсталған (сottalған адамдар, әкімшілік жолымен қамалған) басқа қамалғандардан бөлек және жеке камераларға орналастырылады:

1) офицерлер сержанттар мен старшиналар құрамының лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткөретін әскери қызметшілерден бөлек;

2) мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілері 1) тармақшада көрсетілген әскери қызметшілер санатынан бөлек;

3) әскери қызметші әйелдерлерден бөлек;

4) бір қылмыстық іс бойынша немесе өзара байланысты бірнеше іс бойынша әскери қызметшілер;

5) гауптвахта бастығының шешімі бойынша не іс жүргізуінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның жазбаша шешімі бойынша басқа құдіктілер мен айыпталушылар тарапынан өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін құдіктілер мен айыпталушылар;

6) инфекциялық сырқаттармен науқастанған немесе ерекше медициналық күтімді және қадағалауды қажет ететін әскери қызметшілер.

Камералар бойынша орналастыруды камераларға орналастыру жоспарына сәйкес Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес гауптвахта бастығы немесе қарауыл (кезекші ауысым) бастығы жүргізеді.

12. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ортақ камералар сипаттамасында көрсетілген құлыппен жабылатын ортақ камераларда ұсталады.

Гауптвахтада ұсталатын адамдарды жеке камераларға орналастыруға гауптвахта бастығының дәлелді шешімі бойынша:

1) Заңның 32-бабында көзделген бөлек орналастыру талаптарын сақтауды қамтамасыз етудің өзге де мүмкіндігі болмаған кезде;

2) өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде;

3) гауптвахтада ұсталатын адамдардың жеке ұстau туралы жазбаша өтініші болған кезде;

4) басқа қамауға алынғандарға және сотталғандарға, гауптвахта қарауылының (кезекші ауысымның) жеке құрамына тіл тигізген;

5) гауптвахта қарауылының (кезекші ауысымның) немесе әскери полицияның басқа да лауазымды адамдарының заңды талаптарына бағынбаған;

6) гауптвахтада ұсталатын құдіктілер мен айыпталушыларды ұстau тәртібі мен қағидалары бұзылған;

7) сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құралдарды, заттарды сақтаған, жасаған және пайдаланған;

8) құмарлық ойындарына қатысқан жағдайларда жол беріледі.

13. Жеке камераға құнтізбелік бір күннен артық мерзімге қамауға алуға Заңның 31-бабының тәртібінде Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша прокурор санкция берген гауптвахта бастығының дәлелді қаулысы негізінде жол беріледі.

Мынадай жағдайларда жеке камераларға орналастыруға прокурордың санкциясы талап етілмейді:

1) осы Заңның 32-бабында көзделген бөлек орналастыру талаптарын сақтауды қамтамасыз етудің өзге де мүмкіндігі болмаған кезде;

2) күдіктінің немесе айыпталушиның не басқа да күдіктілердің немесе айыпталушылардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде;

3) күдіктінің немесе айыпталушиның жеке ұстай туралы жазбаша өтініші болған кезде;

4) егер күдіктілер мен айыпталушылар күндіз ортақ камерада ұсталса, оларды жеке камераларға орналастырған кезде.

14. Оқшаулау тәртібі гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің барлық жүріп-тұруында (гауптвахта дәліздері мен аумағында жүріп-тұруында, серуендеуінде, санитарлық өндеуде, еңбек объектілерінде) қамтамасыз етілуге тиіс.

15. Оқшаулауды қамтамасыз ету үшін камералардың терезелері камераға табиғи жарық түсүіне кедергі келтірілмейтін торлармен жабдықталады.

### **3. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге жеке тінту жүргізу, дактилоскопия жасау, оларды суретке түсіру және заттарын тексеру**

16. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге жеке тінту жүргізілуғе, дактилоскопия жасалуға және суретке түсірілуғе, ал олардың жеке заттары тексерілуғе тиіс.

17. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді жеке тінту және олардың заттарын тексеру сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құралдарды, заттар мен азық-түлік өнімін не осы әскери қызметшіге тиесілі емес заттарды анықтау және алу мақсатында жүргізіледі.

18. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге сақтауға және пайдалануға тыйым салынған заттарға адам өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін немесе қылмыс жасау құралы ретінде не қамауда ұстай мақсаттарына қарсыласу үшін пайдаланылуы мүмкін құралдар, заттар мен азық-түлік өнімі жатады.

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер өздерімен бірге алып жүре алатын, сақтай алатын, сәлемдемелер арқылы ала алатын азық-түлік өнімі, бірінші кезекте қажет заттар, аяқ киім, киім мен басқа да өнеркәсіптік тауарлар тізбесіне (бұдан әрі – Азық-түлік өнімдерінің тізбесі) сәйкес азық-түлік өнімін сәлемдемелер арқылы алуға рұқсат етіледі.

19. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер қабылдау және одан тыс жерге жөнелту алдында, жеке камераға қамауға алынған кезде жеке тінтуге жатады.

20. Жеке тінту әскери қызметшіні, оның киімі және аяқ киімін мұқият тексерумен сүйемелденеді. Пластырь жапсырмалары, гипс және басқа да танулар медицина қызметкерімен бірге тексеріледі. Киімге жасырын тігілген заттар анықталған кезде матасы сөгіледі. Аяқ киімнен өкшелер, металл тағалар алынады

21. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді жеке тінтуді гауптвахта қызметкерлері жүргізеді.

Жеке тексеруді тек тексерушімен бірге жынысы бір екі куәгердің қатысуымен жынысы бір адам жүргізеді.

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қыzmешілерге дактилоскопия жасайды.

22. Гауптвахтаға қамауға алынатын әскери қызметшілерді, олардың жеке ісінде тану фотосуреттері болмаған кезде гауптвахта әкімшілігі суретке түсіреді. Олардың әрқайсысына көлемі 4,5x6, 6x9 сантиметр алты фотосурет (үшеуі алдынан және үшеуі қырынан) жасалады.

23. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің заттарын тексеру гауптвахтаға келіп түскен кезде, одан тыс жерге жөнелтер алдында, басқа камераға, әскери-медициналық мекемеге ауыстыру кезінде олардың қатысуымен жүргізіледі.

Олардың құрылымдық тұтастығын бұзбай жүзеге асырылатын заттарды тексеру екі куәгердің қатысуымен меншігінде бұл заттар бар адамның қатысуымен жүргізіледі.

24. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге жеке тінту немесе олардың заттарын тексеру хаттамамен ресімделеді, оған тыйым салынған құралдардың, заттар мен азық-түлік өнімінің алынғаны туралы акті қоса беріледі. Жеке тінту мен заттарды тексеру қатар жүргізілген кезде бір хаттама жасалады. Хаттамаға гауптвахтаға қамауға алынатын әскери қызметші және жеке тінту немесе заттарына тексеру жүргізген гауптвахта қарауылның бастығы қол қояды

25. Гауптвахтаға қамауға алынатын әскери қызметшінің хаттамаға қол қоюдан бас тартуы және оның тінту немесе заттарын тексеру кезіндегі барлық талаптары хаттамада жазылады. Хаттама мен акті жеке іске тіркеледі.

26. Жеке тінту кезінде тыйым салынған құралдарды, заттар мен азық-түлік өнімін алу туралы хаттама жасалады.

#### **4. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерден сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құралдарды, заттар мен азық-түлік өнімін алу**

27. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіден сақтауға қабылданған немесе оған тиесілі алынған ақша, құндылықтар гауптвахта бастығына сақтауға тапсырылады. Жеке құжаттар (жеке басын куәландыратын құжаттар) гауптвахта бастығында сақталады. Сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құралдар, заттар мен азық-түлік өнімі қамауға алынғандардың заттарын сақтайтын бөлмесіне сақтауға тапсырылады немесе жойылады.

28. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерден алу не сақтауға қабылдау нәтижелері бойынша Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша үш данада алу актісі жасалады. Бірінші данасы гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіге беріледі, екінші данасы – бөлімнің уәкілетті өкіліне беріледі, үшінші данасы жеке істе сақталады. Гауптвахтада ұсталатын қамауға алынғандарды (ұсталғандарды, құдіктілерді, айыпталушыларды, сottалғандарды) есепке алу кітабында алынған және сақтауға қабылданған заттар мен мұлік туралы жазба жасалады және үш данада жасалатын оларды қабылдағаны туралы оған қолхат беріледі, одан кейін тұтқындалған камераға орналастыру үшін гауптвахта (кезекші ауысым) бастығына жіберіледі.

29. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерден заттар мен азық-түлік өнімін сақтауға қабылдауды медициналық бөлім қызметкерінің қатысуымен қарауыл (кезекші ауысым) бастығы жүргізеді.

30. Қамауда ұстau кезеңінде гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіден ақшаны немесе құндылықтарды алудың немесе табудың әрбір фактісі бойынша олардың келіп тусу көзін және нақты иесін анықтау мәніне қызметтік тексеру жүргізіледі.

31. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің өтініші бойынша және адамның не іс жүргізуінде қылмыстық ісі бар органның келісімімен гауптвахтада сақтауда тұрған құралдар, заттар және азық-түлік өнімі гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің туыстарына беріледі.

32. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші қайтыс болған жағдайда сақтауда тұрған оған тиесілі ақша, құндылықтар, басқа да құралдар, заттар және азық-түлік өнімі оның туыстарына беріледі.

#### **5. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету**

33. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер:

1) ұйықтайтын орынмен;

2) төсек-орын жабдықтарымен ұйқы ауқытында: матрацпен, жастықпен, көрпемен, екі жаймамен, жастық тысымен;

3) асхана ыдысымен және асхана аспаптарымен ас-ауқат ішү үақытында: тегешпен, кружкамен, қасықпен;

4) жалпы әскери жарғылармен, кітаптармен, журналдармен және мерзімді басылыммен қамтамасыз етіледі.

Барлық камераларға түнгі үақытта кезекші жарық түсіріледі.

34. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіге аптасына екі ретten жиі емес ұзақтығы кемінде 15 минут душта жуыну мүмкіндігі беріледі.

Моншада жуыну аптасына бір рет гауптвахта бастығы белгілеген күндері және сағаттарда жүргізіледі. Моншада жуыну күндері гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің іш киімдері мен төсек жабдықтарын ауыстыру, сондай-ақ оларды медициналық тексеру жүзеге асырылады.

35. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге олардың өтініші бойынша ұсыныстар, өтініштер, шағымдар жазу үшін жазу құралдары (қағаз, шарикті қаламсап) беріледі.

## **6. Сәлемдемелерді қабылдау және гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге беру**

36. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге бірінші кезекте қажет заттары, маусым бойынша киімі бар сәлемдемелер, бандерольдер алуға рұқсат етіледі. Сәлемдемелер мен бандерольдер гауптвахта бастығының қатысуымен тексеріледі.

Мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған беруге рұқсат етілген заттардың тізбесі гауптвахтаның стендісіне ілінеді.

37. Сәлемдеме жеткізген адам өтінішті Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша екі данада толтырады және оған қол қояды. Өтініштің екі данасы, сәлемдеме, сәлемдеме жеткізген адамның жеке басын куәландыратын құжат гауптвахта қызметкеріне беріледі.

38. Сәлемдемені қабылдай отырып, гауптвахта қызметкері келушіге жеке құжаттары мен қабылдағаны туралы қол қойылған өтініштің бір данасын қайтарып береді, ал екінші данасын гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші сәлемдемені алғаны туралы қолтаңбасын қойғаннан кейін оның жеке ісіне тіркейді. Жеке істе сәлемдемені алғаны туралы белгі қойылады. Өтінішке қол қоюдан бас тартылған жағдайда онда ол туралы тиісті белгі жасалады.

39. Сәлемдемеде, бандерольде, хатта табылған гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіде болуға тыйым салынған құралдар немесе заттар алынады және қайтару себептерін көрсете отырып, сәлемдеме жеткізген адамға қайтарылып беріледі. Сәлемдеме пошта арқылы алынған жағдайда тыйым салынған құралдар, заттар немесе ақша әскери қызметшінің жеке заттарының тізімдемесіне енгізіледі және жазалау мерзімін өтегенге дейін оның басқа да жеке заттарымен бірге сақталады.

40. Сәлемдемелер:

1) адресат гауптвахтадан босатылған;

2) гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші қайтыс болған;

3) сәлемдеме жеткізген адам жеке басын куәландыратын құжатты көрсетпеген;

4) сәлемдеменің салмағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 72 қаулысымен бекітілген Пошта байланысы қызметтерін ұсыну қағидаларында және Пошта жөнелтілімдеріне пошта мөртаңбаларын қолдану қағидаларында көзделген нормаға сәйкес келмеген;

5) сәлемдеме қабылдауға өтініш дүрыс ресімделмеген;

6) гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің өзінің атына келген сәлемдемені қабылдаудан жазбаша түрде бас тартуы болған жағдайларда қабылданбайды және келушіге кері қайтарылады.

41. Сәлемдеме, оны қабылдағаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіге беріледі.

## **7. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің жеделхаттар мен хаттарды, сондай-ақ шағымдар мен өтініштерді алу және жолдау**

42. Хат жазысу прокурорға және сотқа жазылған хаттардан басқа, іс жүргізуінде қылмыстық ісі бар адамның немесе органның рұқсаты бойынша құдіктілердің, айыпталушылардың есебінен жүзеге асырылады.

43. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерден хаттар мен жеделхаттардың толтырылған бланкілерін гауптвахта өкілі күн сайын қабылдайды. Хаттар, оларда жіберушінің тегін, аты-жөнін және гауптвахтаның пошталық мекенжайын көрсете отырып, жапсырылмаған конверттерде ғана қабылданады. Жеделхаттың толтырылған бланкісіне жеделхатқа төлеу үшін қамауға алынған әскери қызметшінің дербес шотынан ақша алу өтінішімен гауптвахтаның бастығы атына жазылған қамауға алынғанның өтініші (ерікті түрде) қоса беріледі.

44. Жеделхатты жолдағаннан кейін гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіге пошта тұбіртегі тапсырылады, ал дербес шотта ақша болған кезде оған тиісті белгісі бар ақша тұбіртегі қайтарылып беріледі. Егер қалдық болмаса, ақша тұбіртегі өтінішке тіркеледі. Жеделхат жіберген гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің пошта тұбіртегін алғаны туралы қолтаңбасы бар өтініші жеке іске тіркеледі.

45. Келіп түскен хаттарды тапсыруды (кезекші ауысым) бастығы жүргізеді.

46. Гауптвахта қызметкерлері күн сайын камераларды аралайды және гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерден ұсыныстарды, өтініштер мен шағымдарды жазбаша, сондай-ақ ауызша қабылдайды.

47. Ауызша қабылданған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар гауптвахта бастығына баяндалады.

48. Жазбаша жолданған және мазмұндалған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар тіркеледі және оларға рұқсат ету үшін әскери полиция органдың және гауптвахта басшылығына баяндалады.

49. Прокурорға немесе сотқа жолданған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар желімделген конвертте қабылданады және цензураға жатқызылмайды. Олар келіп түсуіне қарай дереу адресатқа жолданады.

50. Гауптвахтада Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша гауптвахтаны инспекциялайтын адамдардың ескертулері мен ұсыныстары кітabyы жүргізіледі.

51. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің ұсыныстары, өтініштері мен шағымдары Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын тіркеу кітabyында тіркеледі және күнтізбелік бір күннен кешіктірілмей әскери полиция органы арқылы тиесілігі бойынша жолданады.

## **8. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді еңбекке тарту**

52. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер гауптвахтаға шаруашылық қызметін көрсету жөніндегі жұмыстарды орындауға тартылады.

53. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер кезектілік тәртібімен камераны және гауптвахтаның басқа да үй-жайларын жинайды.

54. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер құзет, дабылдама және байланыстың инженерлік-техникалық құралдарын, көлік құралдарының барлық түрлерін және көбейту аппаратуrasын жөндеумен және пайдаланумен байланысты жұмыстарға жіберілмейді.

## **9. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің газеттер мен журналдарға жазылуын жүргізу**

55. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының байланыс бөлімшелері арқылы таратылатын газеттер мен журналдарға жазылу құқығы беріледі.

56. Жазылуды ресімдеу үшін гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші гауптвахта бастығының атына өтініш жазады. Жазылуды ресімдеуге ниет білдірген гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіге өз есебінен абонемент пен жеткізу карточкасының бланкілері беріледі.

57. Байланыс бөлімшесінде жазылуды ресімдеуді гауптвахта қызметкері гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің дербес шотындағы қаражат есебінен жүргізеді.

58. Жазылуды басқа мекенжайға жолдау жазылуши есебінен әскери полиция органды басшылығының рұқсатымен оның жазбаша өтініші бойынша жүзеге асырылады.

59. Жазылуды гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің атына оның туыстары ресімдеуі мүмкін.

60. Жазылу ресімделуі мүмкін басылымдар санына шек қойылмайды.

## **10. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді медициналық-санитарлық қамтамасыз ету**

61. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер әскери полиция органының медицина қызметкері күн сайын тексеріс уақытта медициналық көмекке, ал жіті науқастанған жағдайда гауптвахта қызметкеріне жүгінеді. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші жүгінген қызметкер оған медициналық көмек көрсету және медицина қызметкерін шақырту үшін шаралар қабылдайды.

62. Денсаулық жағдайына шағымданған гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметші медицина қызметкерінің қорытындысы бойынша шұғыл білікті медициналық көмек көрсету қажет болған кезде гауптвахта бастығының рұқсатымен айдауылдың ілесіп журуімен медициналық мекемеге жіберіледі. Гауптвахта бастығы әскери қызметшіні медициналық мекемеге орналастыру туралы прокурорға, судьяға және әскери бөлімнің қолбасшылығына дереу хабарлайды.

63. Күдікті, айыпталушы сауықканнан кейін, егер судьяның өзге де шешімі болмаса, айдауылдың ілесіп журуімен қайтадан гауптвахтаға жіберіледі.

64. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге амбулаторлық көмек гауптвахтаның камерасында көрсетіледі. Дәрі-дәрмектерді беру дәрігердің тағайындауы бойынша белгіленген мөлшерде жеке қолтаңбасын қойғызып жүзеге асырылады.

## **11. Құнделікті серуендеу**

65. Әрбір гауптвахта жанында гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің серуендеуіне арналған Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес серуендеу аулаларының сипаттамасымен белгіленген кемінде биіктігі үш метр қалың қоршаумен қоршалған, жоғарғы жағынан металл тормен жабдықталған аула болады.

66. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер күн сайын кемінде ұзақтығы 1 сағат серуендеуді пайдаланады. Жүкті әскери қызметші әйелдер үшін серуендеудің ұзақтығы кемінде 3 сағатты құрайды. Серуендеудің ұзақтығын күн тәртібін, аяу райын, мекемедегі адам санын ескере отырып, гауптвахтаның әкімшілігі белгілейді.

67. Серуендеу камера бойынша күндізгі уақытта гауптвахтаның арнағы жабдықталған аумағында жүргізіледі. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің серуендеуі, егер ол осы Қағидалармен белгіленген талаптарды бұзса, гауптвахта бастығының, қарауыл (кезекші ауысым) бастығының шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Офицерлер мен әскери қызметші әйелдер серуендеуге қалған әскери қызметшілерден бөлек шығарылады.

68. Серуендеуден босатуды әскери қызметшінің өтінішін қарағаннан кейін гауптвахта бастығы жүзеге асырады.

## **12. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің қорғаушыларымен, туыстарымен және өзге де адамдармен кездесулерін еткізу**

69. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшімен кездесуге бір уақытта екеуден артық емес кәмелетке толған адамдар жіберіледі.

70. Кездесу жалпы кезектілік тәртібінде беріледі. Кездесуге келген адамдар кездесу уақытында өзін-өзі ұстау қағидалары туралы хабардар етіледі және осы Қағидалармен белгіленген талаптарды бұзған жағдайда кездесу тоқтатылатыны туралы ескертіледі.

71. Кездесуге жеке басын қуәландыратын құжаттарсыз не мас күйінде келген адамдарға, сондай-ак рұқсатта көрсетілмеген адамдарға кездесу берілмейді. Кездесу беруден бас тарту себептері кездесуге келген адамға жарияланады.

72. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің туыстарымен және өзге де адамдармен кездесулері Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес гауптвахта қызметкерлерінің бақылауымен арнайы жабдықталған үй-жайларда қандай да бір заттарды беруді болдырмайтын, бірақ сөйлесуге және көзбек-көз кездесуге кедергі жасамайтын бөлетін қабырға арқылы жүргізіледі.

73. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшімен кездесулер қорғаушыға, оның жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларына сәйкес қылмыстық процесс жүргізетін адам немесе орган берген қылмыстық іске қатысады растайтын құжаты бар болған кезде беріледі.

74. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілермен кездесулерге рұқсат алған адамдарға әскери полиция органды бастығының немесе оның орнында болатын адамдардың рұқсатынсыз гауптвахтаға техникалық байланыс құралдарын, компьютерлерді, кино, фото, аудио, бейне және көбейту аппаратурасын алып кіруге және кездесу уақытында оларды пайдалануға жол берілмейді.

75. Тыйым салынған құралдарды, заттар мен азық-түлік өнімін не қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтіруі немесе қылмыс жасауға ықпал етуі мүмкін мәліметтер беруге әрекеттер жасалған жағдайда кездесу уақытынан бұрын тоқтатылады.

76. Кездесу мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда оны өткізуге жауапты гауптвахта қызметкери кездесуді тоқтату себептерін көрсете отырып, ол туралы гауптвахта бастығына жазбаша түрде баяндайды.

77. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілермен кездесулер уақытша тоқтатылған жағдайда (карантине, ерекше жағдайдағы режимнің енгізілуіне байланысты) гауптвахта бастығы ол туралы гауптвахтада зандылықтың сақталуына қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға, тиісті сот және тергеу органдарына хабарлайды, әскери полиция органдары бақылау-өткізу пунктінде хабарландыру ілінеді.

### **13. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің тергеу әрекеттеріне және сот отырыстарына қатысуын қамтамасыз ету**

78. Әскери полиция органдының басшылығы қылмыстық іс жүргізетін судьяларға, прокурорларға, тергеушілерге, анықтауды жүргізетін адамдарға гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілермен тергеу әрекеттерін жүргізу үшін жұмыс уақытында гауптвахтаға кедергісіз келуін қамтамасыз етеді.

79. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚІК) 212-бабы 2

-тармағының талаптарына сәйкес кейінге қалдыруды күттірмейтін жағдайлардан басқа, тек күндізгі уақытта тергеуге шақыртылады.

80. КР ҚК-да көзделген жағдайларды қоспағанда, гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді камералардан кездесуге, сондай-ақ қарауыл (кезекші ауысым) кезекшілікті тапсыру-қабылдау кезеңінде, күн тәртібіне сәйкес тағам қабылдау (таңғы ас, тұскі ас, кешкі ас) уақытында, сондай-ақ түнгі уақытта (кешкі 22 сағаттан келесі күннің таңғы 6 сағатқа дейін) шығаруға жол берілмейді.

81. Тергеушінің, анықтау жүргізетін адамның, прокурордың немесе соттың (судьяның) нұсқауы бойынша гауптвахта аумағында тергеу әрекеттерін, амбулаторлық сот-психиатриялық және басқа да сараптамалар жүргізу үшін гауптвахта бастығы:

- 1) жабдықталған үй-жайды береді;
- 2) гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшіні жеткізеді және оны күзетуді қамтамасыз етеді;
- 3) тергеу әрекеттеріне қатысу үшін тартылатын өзге де адамдардың гауптвахтаға кіруін қамтамасыз етеді.

82. Апелляциялық инстанцияның қамауда ұстай мерзімін ұзарту туралы, істі бір органнан екіншісіне беру туралы істі қарайтыны туралы хабарламалар гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге қол қою арқылы жарияланады және олардың жеке істеріне тіркеледі.

#### **14. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерге жазалау және көтермелеу шараларын қолдану**

83. Көтермелеу және жазалау шаралары гауптвахтада ұсталатын барлық құдіктілерге және айыпталушыларға Занда көздеген тәртіппен қолданылады. Көтермелеу шаралары ретінде бұрын қолданылған шараны мерзімінен бұрын алғып тастау қолданылуы мүмкін.

84. Гауптвахтада ұстай тәртібін бұзғаны, белгіленген міндеттерін орындамағаны үшін құдіктілер мен айыпталушыларға Занға сәйкес жазалау шаралары қолданылады:

- 1) сөгіс;
- 2) он бес тәулікке дейінгі мерзімге жеке камераға қамауға алу.

85. Жеке камераға қамау түріндегі жазалауды гауптвахта бастығы қолданады. Жеке ісіне тіркелетін жазалауды қолдану туралы құдіктілерге және айыпталушыларға қолдарын қойғызып жарияланады.

86. Ауызша жарияланғандардан басқа, барлық жазалаулар мен көтермелеулерді гауптвахта бастығы жариялайды және олар Қағидаларға 11-

қосымшаға сәйкес үлгі бойынша күдіктілер мен айыпталушыларды жазалау мен көтермелеуді есепке алу кітабында есепке алынады.

87. Жеке камераға қамауға алу туралы қарауыл (кезекші аусым) бастығы баянатпен гауптвахта бастығына баяндайды, ол бұл туралы жоғары тұрған бастыққа баяндайды.

## **15. Гауптвахта бастығының гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді жеке қабылдауы**

88. Гауптвахта бастығының гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді жеке қабылдауы демалыс және мереке күндерінен басқа, күн сайын жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

89. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді жеке қабылдау олардың мәліметіне жеткізілетін гауптвахта бастығы бекіткен кесте бойынша жүзеге асырылады.

90. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің жеке қабылдауға жазылуы гауптвахта қызметкерлерінің камераларды аралап шығуы уақытында күн сайын жүзеге асырылады. Қабылдау туралы өтініштер (ерікті нысанда толтырылады) гауптвахта бастығының атына жазбаша түрде беріледі немесе ауызша түрде жасалады және әскери қызметші қабылдауына жоспрланған лауазымды адамды көрсете отырып, Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес оларды беру кезектілігі тәртібінде әскери полиция органы бастығының жеке қабылдау журналында (бұдан әрі – жеке қабылдау журналы) тіркеледі.

91. Қабылдау өтініштерді беру кезектілігі тәртібінде жүргізіледі. Қабылдау аяқталғаннан кейін жеке қабылдау журналында және жеке қабылдау туралы өтініште оның нәтижелері тіркеледі. Өтініш гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің жеке ісіне тіркеледі.

92. Гауптвахта бастығының гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің туыстарын немесе өзге де адамдарды жеке қабылдауы гауптвахтаның ақпарат стендіне ілінетін кесте бойынша қызметтік кабинетте жүргізіледі.

93. Әскери қызметшілердің туыстарын жеке қабылдау нәтижелері жеке қабылдау журналында тіркеледі.

## **16. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілердің мәйіттерін беру**

94. Әскери полиция органының басшылығы гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшінің қайтыс болуы туралы прокурорға, жеке ісінде көрсетілген оның туыстарына, әскери бөлімнің қолбасшылығына, сондай-ақ іс жүргізуінде қылмыстық іс бар адамға немесе органға дереу хабарлайды.

Егер қайтыс болған әскери қызметшінің туыстары гауптвахта орналасқан қалада немесе елді мекенде тұрмаса, хабарлама телеграф арқылы жолданады.

95. Қайтыс болған әскери қызметшінің мәйіті талап етілгенге дейін, бірақ жеті тәуліктен асырылмай немесе уәкілетті органның қайтыс болу фактісі бойынша тексеруді аяқтағанға дейін денсаулық сақтау органдарының жақын жердегі емдеу мекемесіндегі мәйітханаға сақтауға беріледі.

96. Мәйітті беру оны талап еткен адамның жазбаша өтініші бойынша іс жүргізуінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның, әскери бөлім қолбасшылығының рұқсатымен жүзеге асырылады. Мәйітті алу үшін жеке басын куәландыратын құжатты көрсету қажет.

97. Қайтыс болғанның туыстарына қайтыс болғаны туралы куәлікті алу тәртібі түсіндіріледі.

98. Егер қайтыс болғанның туыстарының мәйітті алуы үшін уақтылы келуге мүмкіндігі болмаса, олар бұл туралы қосымша хабарлайды.

99. Көрсетілген мерзімде талап етілмеген қайтыс болған әскери қызметшінің мәйіті мемлекет есебінен жерлеуге беріледі.

## **17. Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді босату**

100. Қамаудан босатылған күдіктіге немесе айыпталушыға жеке құжаттары, заттары, оның дербес шотында сақтау жатқан ақша, сондай-ақ анықтама беріледі, онда: қандай сотпен қамауға алуға санкция берілгені; ұстау және жолын кесу шарасын таңдау негіздемелері, орны мен уақыты; босату негіздемелері мен уақыты көрсетіледі.

101. Гауптвахта бастығы күдіктіні немесе айыпталушыны қамауда ұстау мерзімі өткенге дейін 3 тәулік бұрын әскери қызметшіні босату туралы әскери бөлімнің командиріне хабарлайды.

102. Әскери бөлімнің командирі гауптвахта бастығының хабарламасы бойынша көрсетілген уақытта әскери қызметшінің қызмет орнына жіберу үшін гауптвахтаға бөлім өкілін жібереді, сондай-ақ оны маусым бойынша киіммен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

Күдіктілер мен айыпталушыларға  
арналған

Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштері  
әскери полициясы гауптвахталарының  
ішкі тәртіп қағидаларына

1-қосымша  
Бекітемін  
ӘПБ бастығы

---

(лауазымы, қолы, тегі)

## Камера бойынша орналастыру жоспары

Бөлек ұсталады	Камера №	Камерадағы орындар саны	Ескертпе
1	2	3	4

ӘПБ бастығының орынбасары \_\_\_\_\_

(атағы, қолы, тегі)

Ескертпе:

1. Камералар бойынша орналастыруды гауптвахта бастығы немесе қарауыл (кезекші ауысым) бастығы жүргізеді.

2. Камераға орналастыру жоспары қарауыл (кезекші ауысым) бастығында, кезекші бөлімде және әскери полиция органдарының басшылығында болуға тиіс.

Күдіктілер мен айыпталушыларға

арналған

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері  
әскери полициясы гауптвахталарының  
ішкі тәртіп қағидаларына  
2-қосымша

## Ортақ камералардың сипаттамасы

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер ұсталатын камералардың құрылымы сыртқы қоршаған ортадан және аралас үй-жайлардан сенімді оқшаулауды қамтамасыз етуге тиіс. Камераларды жоспарлау нысаны есік негізінің "көзшесі" арқылы анағұрлым жақсы көріп шолуды қамтамасыз етуге тиіс.

Камераның есігі металдан жасалған. Еден деңгейінен биіктігі 95 см төмен емес тамақ үлестіруге арналған терезе орнатылуға тиіс. Камерадағы әскери қызметшілердің өзін-өзі ұстауын қадағалау үшін кіретін есік "көзшемен" жабдықталады.

Камералардағы және ортақ пайдалану орындарындағы (жуынуға арналған бөлмедегі, дәретханадағы) есіктер мен терезелер техникалық күзет құралдарымен жабдықталады. Одан басқа, осы үй-жайлардың терезелеріне қажет болған кезде ішкі жағынан металл тормен қапталған темір тор болуға тиіс.

Ортақ камера бір адамға 0,4 метр есебінен қайрылып жиналатын төсекпен, үстелмен, ағаш орындықпен, түкіргішпен, ауызсуға арналған ыдыспен және кружкамен жабдықталады. Камераның барлық жабдықтары еденге бекітілуге тиіс.

Офицерлерді және әскери қызметші әйелдерді ұстауға арналған камералар сәкілдермен, үстелдермен, орындықтармен, жеке киім-кешек пен жуыну құралдарына арналған түмбочкалармен, ауызсуға арналған ыдыстармен және кружжалармен, ілгіштермен және түкіргіштермен жабдықталады.

Барлық камераларға арналған құлыптар біркелкі болуға және біркелкі кілттермен құлыпталуға тиіс. Бір кілт қарауыл (кезекші ауысым) бастығында, екіншісі – гауптвахта бастығында және үшіншісі – әскери полиция органы бойынша кезекшіде сақталуға тиіс.

Әскери қызметші әйелдерді ұстауға арналған камера құлыпталмайды.

Камераларда терезелердің ішкі жағынан терезе саңылауына қолжетімді шектейтін металл тор орнатылады.

Гауптвахта дәліздерінде жуынуға арналған құралдар мен аяқ киім тазалауға арналған құралдар, арналған құлыпқа жабылатын шкафтар болуға тиіс. Шкафтардың кілттері қарауыл (кезекші ауысым) бастығында сақталады.

Астары жылы күртеше мен бас киім, гауптвахтаның ұсталғандар мүліктерін сақтайтын бөлмесінде сақталады.

Күдіктілер мен айыпталушыларға  
арналған

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері  
әскери полициясы гауптвахталарының  
ішкі тәртіп қағидаларына  
3-қосымша  
нысан

Санкция беремін \_\_\_\_\_

Прокурор \_\_\_\_\_

(қолы, тегі)

жылғы "—" \_\_\_\_\_

**"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін  
арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы тәртібінде гауптвахтаға  
қамауға алынған әскери қызметшіні жеке камераға ауыстыру туралы  
қаулы**

Күдікті, айыпталушы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_  
(жеке камерада ұстауға негіздеме болатын

\_\_\_\_\_  
жағдайлар мазмұндалады)

Қаулы етті:

Күдікті, айыпталушы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)  
одан әрі ұстай үшін жеке камераға ауыстырылсын.  
Әскери полиция органдың бастығы \_\_\_\_\_  
(атағы, қолы, тегі)  
\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_"

Күдіктілер мен айыпталушыларға  
арналған

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері  
әскери полициясы гауптвахталарының  
ішкі тәртіп қағидаларына  
4-косымша

**Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер сәлемдемелер  
арқылы алуға болатын және сақтауға болатын азық-түлік өнімінің,  
бірінші кезекте қажет заттардың, аяқ киімнің, киімнің және  
басқа да өнеркәсіптік тауарлардың тізбесі**

Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілер мыналарды сәлемдемелер  
арқылы ала алады және шкафта сақтай алады:

- 1) темекі бұйымдары, сіріңке;
- 2) белдіксіз, галстуксыз, тартпасыз киімнің бір жиынтығы (оның ішінде белгіленген ұлгідегі), сондай-ақ маусым бойынша бас киім, аяқ киім (темір табансыз, металл тағасыз);
- 3) іш киім;
- 4) ұйық;
- 5) биялай немесе қолғап;
- 6) бет орамал;
- 7) жуыну құралдары (кір сабын, иіс сабын, қағаз, су сабын (ӘПБ медицина қызметкерінің тағайындауы бойынша) тіс пастасы, тіс щеткасы, сабынға және тіс щеткасына арналған пластмасса қораптар, иіс май, тарақ), жөке немесе ысқыш, электр немесе механикалық ұстара, бір рет пайдаланылатын қауіпсіз ұстара (гауптвахта камерасынан тыс ораналасқан қамауға алынғандардың мүлігін сақтайдын құлышқа жабылатын арнайы шкафта сақталады);
- 8) көзілдірік және көзілдірікке арналған пластмасса қорап;
- 9) шұлық немесе колготки, бас орамал, рейтүздар, белдіктер, бюстгалтерлер, дәке, мақта, гигиеналық және косметикалық заттар, пластмасса бигудилер (әйелдер үшін);

10) жылдам бұзылатын қорек азық-түлік, және әскери полиция органдарының медицина қызметкерінің қорытындысы бойынша қабылдауға рұқсат берілмеген азық-түлік;

11) шарикті қалам, оған өзектер, қарындаштар;

12) хат жазуға арналған қағаз, пошта конверттері, ашық хаттар, пошта маркалары;

13) көркем және өзге де әдебиет, сондай-ақ мерзімді басылымдар;

14) атап көрсетілгендерден басқа, қылмыстық іске немесе олардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру мәселелеріне қатысты құжаттарды және қолжазбаларды, сондай-ақ пошталық жөнелтілім бланкілерін, сақтауға тапсырылған ақшаның түбіртегін, құндылықтарды, құжаттарды және басқа да заттарды өзімен бірге алып жүрге және сақтауға рұқсат етіледі.

Осы Тізбеде көзделмеген заттар мен құралдар тыйым салынған болып табылады.

Күдіктілер мен айыпталушыларға

арналған

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері

әскери полициясы гауптвахталарының

ішкі тәртіп қағидаларына

5-қосымша

нысан

## Алу актісі

Біз, төменде қол қойған комиссия мынадай құрамда

---

---

(лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

ұсталушыдан, күдіктіден, айыпталушыдан, әкімшілік тәртіпте қамауға алынғаннан және қамауға сотталғаннан \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты)

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұсташа тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабына сәйкес құндылықтарды, \_\_\_\_\_ сомасы (\_\_\_\_\_) ақшаны, \_\_\_\_\_ заттарды және азық-түлік өнімдерін алуды жүргіздік (сақтауға қабылдадык).

Барлығы берілгені: құндылықтардың \_\_\_\_\_ атауы, \_\_\_\_\_ ақша, азық-түлік өнімдерінің, заттардың атауы \_\_\_\_\_  
(саны)

Бердім: \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

Қабылдадым: \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

Қатысқан: \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

\_\_\_\_ жылғы "—" \_\_\_\_\_

Күдіктілер мен айыпталушыларға  
арналған

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері

әскери полициясы гауптвахталарының

ішкі тәртіп қафидаларына

6-қосымша

нысан

## Отініш

Азамат \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (тұрғылықты жердің мекенжайы)

мекенжайы бойынша тұратын.

Күдікті, айыпталушы және т.б. үшін \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты) (туған жылы)

сәлемдемені қабылдауынызды сұраймын.

Сәлемдеме азық-түлігі (заттары) тізімдемесі:

P/c №	Азық-түлік немесе заттар атауы	Салмағы (кг, г)	Саны	Ескертпе
1	2	3	4	5

Отініш берушінің қолы \_\_\_\_\_ жылғы "—" \_\_\_\_\_

Сәлемдемені қабылдадым \_\_\_\_\_

(сәлемдеме қабылдаған қызметкердің қолы)

Сәлемдемені алдым \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (сәлемдеме алған күдіктің, айыпталушының және т.б. қолы)

\_\_\_\_ жылғы "—" \_\_\_\_\_

Күдіктілер мен айыпталушыларға

арналған

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері

әскери полициясы гауптвахталарының

ішкі тәртіп қафидаларына

7-қосымша

нысан

# Гауптвахтаны инспекциялайтын адамдардың ескертулері мен ұсыныстары кітабы

(әскери полиция органының гауптвахтасы)

P/c	Күні	жылғы "—" басталды жылғы "—" аяқталды	Инспекциялаушының лауазымы, Еске	Еске	Ұсыныстар	Орындау	Қабылданған
№		ТАӘ, атағы	мазмұны	мерзімі		мерзімі	шаралар

Ескертпелер:

- Кітап нөмірленген, тігілген, тиісті қолтаңбамен қарастырылған және мөрмен мөрленген болуға тиіс. Гауптвахтаның қарауыл (кезекші аудиосистема) бастығында сақталады.
- Кітап қарау үшін және онда тиісті жазбалар жасау үшін гауптвахтанды инспекциялауға құқығы бар адамдарға көрсетіледі.
- Инспекциялаушы кітапқа өз құзыреті шегінде мәселелер бойынша негізгі ескертулері мен ұсыныстарын енгізеді.
- Гауптвахта бастығы инспекциялаушы белгілеген мерзімдерде кемшіліктерді жою туралы ЭПБ бастығына баяндауға міндettі.

Күдіктілер мен айыпталушыларға

арналған

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері

әскери полициясы гауптвахталарының

ішкі тәртіп қағидаларына

8-көсімшаша

нысан

## Гауптвахтаға алынған әскери қызметшілердің ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын тіркеу кітабы

P/c	Келіп түсken күні (жылы, айы, күні)	Өтініш берушінің тегі, аты және экесінің аты және оның әскери қызметке қатысы	Өтініштің кыскаша мазмұны	Орындау үшін кімге және қашан берілді және орындаушының қолы	Орындау мерзімі	Қашан және қандай шешім қабылданды	Құжаттар тігілген іс
1	2	3	4	5	6	7	8

Күдіктілер мен айыпталушыларға

арналған

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері

әскери полициясы гауптвахталарының

ішкі тәртіп қағидаларына

9-көсімшаша

Серуендеу аулаларының сипаттамасы

Серуендеу аулалары режимдік аулада орналасуға және гауптвахтаға жақын жерде шектесіп жатуға тиіс.

Серуендеуге шығарылатын әрбір қамауға алынғанға серуендеу ауласының 2,5 -3 шаршы метрі (бұдан әрі – м<sup>2</sup>) болуға тиіс. Серуендеу ауласының барынша аз көлемі – 12 м<sup>2</sup>.

Серуендеу ауласы биіктігі үш метрден астам тығыз дуалмен қоршалады. Серуендеу ауласының үстіңгі жағына металл рама бекітіледі, оған ұяшықтары 17x17 сантиметрден аспайтын металл тор бекітіледі, тордың үстіне ұяшықтары 5x5 сантиметрден аспайтын "Рабица" типіндегі металл тор бекітіледі.

Серуендеу аулаларының үстіңгі жағында атмосфералық жауын-шашыннан тасалану үшін ені 1,2 метрге дейін жеңіл қалқалар орнатылады.

Серуендеу ауласының ортасына еденге сенімді бекітілетін орындықтар орнатылады.

Серуендеу аулаларынан су ағыны қамтамасыз етілуге тиіс.

Серуендеу ауласында бақылаушы қызмет өткери үшін серуендеу аулаларында жүрген барлық қамауға алынғандар оның ұдайы қадағалауында болатындей есеппен орын жабдықталады.

Күдіктілер мен айыпталушыларға  
арналған

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері  
әскери полициясы гауптвахталарының  
ішкі тәртіп қағидаларына  
10-қосымша

## **Кездесулер өткізуге арналған бөлмелерді жабдықтау**

Әрбір гауптвахтада кездесулер өткізуге арналған кабинадан тұратын орындар жабдықталады.

Әрбір кабина ені 140 сантиметрден кем емес және ұзындығы 1 метр кем емес металл каркастан, қалқан элементтерінен, үстелшеден және қайырылып жиналатын орындықтардан құрылады.

Кабиналар арасындағы бөлгіштерде сөйлесу үшін саңылаулары бар органикалық шынымен терезе орнатылады.

Келушілерге арналған кабиналар бекітпесі жоқ жеңіл есіктермен жабдықталады.

Күдіктілер мен айыпталушыларға  
арналған

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері  
әскери полициясы гауптвахталарының  
ішкі тәртіп қағидаларына

11-қосымша  
нысан

## **Гауптвахтаға қамауға алынған әскери қызметшілерді жазалау мен көтермелеуді есепке алу кітабы**

\_\_\_ жылғы "\_\_\_" басталды  
\_\_\_ жылғы "\_\_\_" аяқталды

### **Жазалауға үшyраған адамдарды есепке алу**

P/c №	T.А.Ә.	Жаза не үшін қолданылған	Жазаның түрі	Жазаны кім және қашан қолданды	Ескертпе
----------	--------	--------------------------	--------------	--------------------------------	----------

Күдіктілер мен айыпталушыларға  
арналған  
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері<sup>1</sup>  
әскери полициясы гауптвахталарының  
ішкі тәртіп қағидаларына  
12-қосымша  
нысан

### **Әскери полиция органы бастығының жеке қабылдау журналы**

P/c №	Күні (жылы, айы, күні)	Келушінің тегі, аты және әкесінің аты	Өтініштің қысқаша мазмұны	Ескертпе
----------	------------------------	--	------------------------------	----------